

"Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жедел резервінің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу, олардың орнын ауыстыру, пайдалану, толықтыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 16 мамырдағы № 225 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 22 тамыздағы № 350 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 25 тамызда № 36676 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жедел резервінің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу, олардың орнын ауыстыру, пайдалану, толықтыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 16 мамырдағы № 225 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9508 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

аталған бұйрықпен бекітілген Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жедел резервінің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу, олардың орнын ауыстыру, пайдалану, толықтыру қағидаларында:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жедел резерві - белгілі бір номенклатура мен көлемдегі техника және материалдық құндылықтар (бұдан әрі - материалдық құндылықтар), оның ішінде дәрілік заттар, медициналық бұйымдардың запастары;";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жедел резервін құру және пайдалану";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жедел резервінің материалдық құндылықтармен операция жүргізу";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Жедел резервтегі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 250-бабына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде

бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының "Қорларды есепке алу тәртібі" 8-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

Сақтау мерзімі мен жарамдылық мерзімі аяқталған сайын, жедел резервтегі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар жарамдылық мерзімінің қалдығын ескере отырып, "Апаттар медицинасы орталығы" ММ филиалдарының медициналық бригадаларының күнделікті қызметінде пайдалану үшін беріледі:

негізгі жарамдылық мерзімі 2 (екі) жылдан кем болған жағдайда – жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын беріледі;

негізгі жарамдылық мерзімі 2 (екі) жыл және одан көп болған жағдайда – жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын беріледі.

Бұл ретте дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар жедел резервті ұзақ жарамдылық мерзімі бар ұқсас дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен бір мезгілде толықтырусыз алынбайды."

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі*

Ч. Аринов